

Бекітемін:

«Алақай» балабақша меңгерушісі:

Қуаншалина А.А.

Әдіскері: Тажибаева В.К.



**«Алақай» балабақша
«Алтын күз» атты ертеңгілігі
(Ересек топ)**

2020-2021 оқу жылы

«Алтын күз» ертеңілігі

Мақсаты. Балалардың күз мезгілі туралы алған білімдерін тиянақтау, күз ерекшеліктерін, күз айы ұғымдарын түсіндіре отырып, балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.

Жүргізуші: Қуандырып біздерді
Мерекелік күз келді
Кел жемісті «Алтын күз»
Кемелденсін халқымыз.

Құрметті ұстаздар, балалар, тәрбиешілер, «Алтын күз» атты етеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Күз мезгілі берекелі, мерекелі ай болғандықтан, әр отбасына береке, бірлік, мол астық, зор денсаулық, мол байлық тілейміз!

Ендеше:

Балабақшамыздың Басшысы Алма Абылайқызына сөз берейік.

Тәрбиеші: Қуаныштың ағайын

Қоңырауын қағайын

Қуандырып біздерді

Өлкемізге күз келді.

Хор: «Алтын күз» әні. Тәрбиеші Жарайсыңдар, балалар! Тағы қандай өнерлерің бар, бірге тамашалайық

Жүргізуші: Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді!

Жемістер тақпақтарына кезек берейік.

Айкөркем: Апорт деген алма бар
Жер жаратын атағы
Ондай алма қайда бар
Алматы оның Отаны!

Жанерке: Мен шиемін, шиемін
Күннің көзін сүйемін
Қышқыл шырын бар менде
Төмен басты иемін.

Мұнтаз: Жапырақты тасалап
Өскен жері бақша бақ
Күрең қызыл шіркін –ай
Оның аты Құлпынай

Омар: Іші толған шәрбат
Дәмі қандай әйбат
Үзесің бірден жүзін
Менің атым жүзім

Кәусар: Өрік, алма, шие, алша
Жеміс жидек піседі
Қауын, қарбыз, қияр сәбіз
Дүкендерге түседі

Тәрбиеші: Жемістердің бәріде
Денсаулыққа пайдалы
Сондықтан бірге жүріңдер
Бір-біріңді жақсы көріңдер деп ендеше барлығымыз биге шығайық Ортада вальс биі.

Алтын күз келеді балаларды жаңбырдан қорғайды. Қолшатырының астына балаларды жинап алады. Сәлеметсіңдерме балаалар! Қандай күшті балалар! Балалар сендер қандай мереке тойлап жатырсыңдар?

--Алтын күз мерекесін тойлап жатырмыз

--күз ерекшелігін кім біледі?

--күзде жемістер, көкөністер, дөңді дақылдар піседі.

«Алтын күз» бәрекелді балалар өркендерің өссін, балалар тағы сұрағыма жауап беріңдерші...

--Күз мезгілінде неше ай бар

--Үш ай бар

--ай аттарын білесіңдер ме

--қыркүйек, қазан, қараша

--қазір қандай ай екен

--қазан айы

--дәрумендер қайда болады

--жемісте, көкөністе

«Алтын күз» бәрекелді балалар менің көңіл күйі көтеріліп қалды.

Жүргізуші, «Алтын күз» енді көкөністердің жырларын тыңдайық

Күзде өздері пісетін, тамаққа кеп түсетін, Мақтанбақшы сіздерге, көкөністер сан түрлі.

Батырхан

Картоп біздің атымыз

Жер астында жатырмыз

Бір тамырдан тараған

Ағайынбыз бәріміз

Ерке:

Тал шыбығым бұралып

Бақшаларда қызарып

Тұрған ол мен қызанақ

Күнге қарап ұялып

Зұфар:

Өсіретін бойыңды

Дамытатын ойыңды

Қояндарға азықпыз

Сәбіздерміз жазықсыз

Айзере:

Ақ түсім бар қант алар

Қызыл түсім қанға нәр

Зияным жоқ біліп қой

Қызылшамын пайдам бар

Жүргізуші: Балалар ендеше ойын ойнаймызба? ИӘ

Ендеше Компот пен Сорпа ойынын ойнайық ортаға 2 бала шығады бірі

Компотка қажет жемісті жинайды, екіншісі сорпаға қажетті көкөністі

жинайды тез тез

Жарайсыңдар балалар!

Балалар ән кезегіне берейік.

Хор: Алтын күз әні.

Тағыда көкөністерге кезек берейік.

Әймен:

Көктеп ерте шырмалып

Өсемін мен бүр жарып

Атым қияр теріп ал

Жиі жиі суарып.

Керей:

Бақшамызда өседі

Керек Бұрыш деседі

Бар қызыл көк сарысы

Ащы-тұщы бәрісі.

Әділ:

Асханадан шықпаймын

Атым пияз бұқпаймын

Көзден жасты шығарып

Тұмаудан бірақ сақтаймын.

Рахман:

Таңдандырар бәрін

Асқабақпын дәмді

Кептірілген дөнім

Таптырмайтын дәрі.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар ендеше Алтын күзбен қоштасайық.

«Алтын күз» балалар мен енді қайтайын күз мезгілі, жемісті, жеңісті жыл болсын демекпін сау болыңдар балалар, қонақтар. Келесі жылы кездескенше.

Жүргізуші: сау болыңыз келесі кездескенше!

Ән салдыңдар күлдіңдер, жайнап гүлдей жүрдіңдер
Күздің тойын тойладық, би биледік, ойнадық. Ендеше қоштасатын сәт келді. Бүгінгі Алтын күз атты ертеңгілігіміз аяқталды.

Соу болыңыздар көрермен,

Демекші енді балалар күзде аяқталып қалыпты, қылышын сүйретіп қыс келмекші Күзге айтарымыз берер сыны жылдан жылға көп болсын, елде тыныштық болсын дейміз

«Алақай» балабақша әдіскері: Венера Кәрібайқызына сөз берейік!
Диплом Грамоттарын табыстау.

«Алтын күз» Ертеңгілік

